

2024 жылдың қазан айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 68,0 млрд. теңгеге 151,1 мың ақша аударымдары жіберілген. 2024 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 7,6%-ға өссе, көлемі 1,5%-ға өсті.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2024 жылдың қазанында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 6,2% және жалпы сомасының 4,8% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 93,8% және 95,2% құрайды.

## ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

### ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2024 жылдың қазанында шетелге ХААЖ арқылы 64,8 млрд. теңге сомаға 141,8 мың транзакция жіберілді. 2024 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 7,8%-ға, көлемі 1,6%-ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жөнелтілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Өзбекстан – 19,4 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 29,9%), Ресей – 17,8 млрд. теңге (үлесі 27,4%), Түркия – 14,0 млрд. теңге (үлесі – 21,6%), Грузия – 3,6 млрд. теңге (үлесі – 5,6%), сондай-ақ Қытай -2,6 млрд. теңге (үлесі – 3,9%).

### *Ақша аударымдарының жүйелері бойынша*

| Жүйе                            | Саны<br>(мың<br>транзакция) | Жалпы<br>сандағы<br>үлесі, %-<br>бен | Сомасы<br>(млн. теңге) | Жалпы<br>сомадағы<br>үлесі, %-бен |
|---------------------------------|-----------------------------|--------------------------------------|------------------------|-----------------------------------|
| Золотая Корона                  | 113,62                      | 80,1%                                | 47 123,34              | 72,7%                             |
| Вестерн Юнион                   | 19,01                       | 13,4%                                | 12 744,19              | 19,7%                             |
| UPT                             | 3,15                        | 2,2%                                 | 2 692,44               | 4,2%                              |
| MONEYGRAM                       | 1,73                        | 1,2%                                 | 1 776,49               | 2,7%                              |
| Иные системы денежных переводов | 4,27                        | 3,0%                                 | 472,68                 | 0,7%                              |
| Общий итог                      | <b>141,78</b>               | <b>100,0%</b>                        | <b>64 809,15</b>       | <b>100,0%</b>                     |

### *Елдер бойынша*


| Ел         | Саны<br>(мың<br>транзакция) | Жалпы<br>сандағы<br>үлесі, %-<br>бен | Сомасы<br>(млн. теңге) | Жалпы<br>сомадағы<br>үлесі, %-бен |
|------------|-----------------------------|--------------------------------------|------------------------|-----------------------------------|
| Өзбекстан  | 31,38                       | 22,1%                                | 19 365,75              | 29,9%                             |
| Ресей      | 70,45                       | 49,7%                                | 17 763,65              | 27,4%                             |
| Түркия     | 23,11                       | 16,3%                                | 14 027,95              | 21,6%                             |
| Грузия     | 1,90                        | 1,3%                                 | 3 639,58               | 5,6%                              |
| Қытай      | 1,85                        | 1,3%                                 | 2 558,09               | 3,9%                              |
| Қырғызстан | 4,36                        | 3,1%                                 | 2 403,50               | 3,7%                              |

|                       |               |               |                  |               |
|-----------------------|---------------|---------------|------------------|---------------|
| Әзірбайжан            | 1,10          | 0,8%          | 921,12           | 1,4%          |
| Армения               | 0,61          | 0,4%          | 888,27           | 1,4%          |
| Тәжікстан             | 2,12          | 1,5%          | 672,53           | 1,0%          |
| Корея Республикасы    | 0,51          | 0,4%          | 529,95           | 0,8%          |
| Басқалар              | 4,40          | 3,1%          | 2 038,77         | 3,1%          |
| <b>Жалпы жиынтығы</b> | <b>141,78</b> | <b>100,0%</b> | <b>64 809,15</b> | <b>100,0%</b> |


### ***Валюталар бойынша***

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 36,7%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 59,4%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 47,0% және 30,6%) жүргізілді.

**Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі**



**Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі**



### **ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ**

2024 жылдың қазан айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 18,9 млрд. теңге сомаға 57,1 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2024 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 2,3%-ға, көлемі 2,4%-ға өсті.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей – 4,2 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 22,2%), Америка Құрама Штаттары – 2,9 млрд. теңге (үлесі – 15,1%), Өзбекстан – 2,1 млрд. теңге (үлесі – 11,1%), Түркия– 2,07 млрд. теңге (үлесі – 10,9% ), сондай – ақ Корея Республикасы – 1,6 млрд.теңге (үлесі– 8,4%).

### ***Ақша аударымдарының жүйелері бойынша***

| Жүйе                       | Саны<br>(мың<br>транзакция) | Жалпы<br>санындағы<br>үлесі, %-<br>бен | Сома<br>(млн. теңге) | Жалпы<br>сомадағы<br>үлесі, %-бен |
|----------------------------|-----------------------------|----------------------------------------|----------------------|-----------------------------------|
| Золотая Корона             | 25,29                       | 44,3%                                  | 8 802,38             | 46,5%                             |
| Вестерн Юнион              | 18,84                       | 33,0%                                  | 6 373,56             | 33,7%                             |
| MONEYGRAM                  | 9,61                        | 16,8%                                  | 3 438,11             | 18,2%                             |
| UPT                        | 0,26                        | 0,5%                                   | 93,98                | 0,5%                              |
| Басқа ақша аудару жүйелері | 3,12                        | 5,5%                                   | 205,87               | 1,1%                              |

|                |       |        |           |        |
|----------------|-------|--------|-----------|--------|
| Жалпы жиынтығы | 57,12 | 100,0% | 18 913,89 | 100,0% |
|----------------|-------|--------|-----------|--------|


### Елдер бойынша

| Ел                      | Саны<br>(мың<br>транзакция) | Жалпы<br>сандағы үлесі,<br>%-бен | Сомасы<br>(млн.<br>теңге) | Жалпы<br>состадағы<br>үлесі, %-бен |
|-------------------------|-----------------------------|----------------------------------|---------------------------|------------------------------------|
| Ресей                   | 20,30                       | 35,5%                            | 4 196,47                  | 22,2%                              |
| Америка Құрама Штаттары | 7,60                        | 13,3%                            | 2 852,51                  | 15,1%                              |
| Өзбекстан               | 3,15                        | 5,5%                             | 2 104,07                  | 11,1%                              |
| Түркия                  | 4,95                        | 8,7%                             | 2 066,37                  | 10,9%                              |
| Корея Республикасы      | 2,67                        | 4,7%                             | 1 591,66                  | 8,4%                               |
| Германия                | 7,66                        | 13,4%                            | 1 518,50                  | 8,0%                               |
| Қырғызстан              | 1,26                        | 2,2%                             | 786,64                    | 4,2%                               |
| Грузия                  | 0,81                        | 1,4%                             | 595,92                    | 3,2%                               |
| Әзірбайжан              | 0,46                        | 0,8%                             | 308,90                    | 1,6%                               |
| Израиль                 | 0,70                        | 1,2%                             | 233,88                    | 1,2%                               |
| Басқалар                | 7,56                        | 13,2%                            | 2 658,97                  | 14,1%                              |
| Жалпы жиынтығы          | 57,12                       | 100,0%                           | 18 913,89                 | 100,0%                             |

### Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 44,5% және жалпы сомасының 62,8%) және қазақстандық теңге (тиісінше 25,2% және 16,0%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

